

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және Білім беру менеджменті
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы

*ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ
ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС*

**Орындаған: Қалибек Б.Қ.
Қабылдаған: Әрінова Б.А.**

Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігі, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады. «Девиантты мінез-құлықты бала» атанып, отбасында да, мектепте де қиындық тудырып жүрген балалар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Әйтсе де, бұл мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Адам өмірге келген сәттен бастап, үлкен әлеуметтік ортаға тап болады. Оның осы ортада өзінің еркін сезінуі үшін көптеген факторлар қажет. Қазіргі көпмәдениетті қоғамда балаға сырттан әсер етуші жағдайлар оның жаңа қалыптасып келе жатқан тұлғасына әсерін тигізеді. С.Т.Холлдың пікірі бойынша, «Бала толыққанды дамуы үшін», өз халқының сезімдері мен көзқарастарын басынан өткеруі қажет. Бұны келтіріп отырған себебіміз, баланың «Девиантты мінез-құлықты бала» атауына өз халқына тән мәдениетпен, салт-дәстүрмен тәрбиеленбеуі.

Жұмыстың мақсаты: Жеткіншектердің оқыту процесінде девиантты мінез-құлық ерекшеліктерін айқындап, қайта тәрбиелеудің тиімді жолдарын анықтау.

Жұмыстың міндеттері:

- Девиантты мінез-құлық пен оның пайда болу себептерін айқындау;
- Жеткіншектердің девиантты мінез-құлық оқушыға педагогикалық-психологиялық сипаттама беру;
- Жеткіншектердің девиантты мінез-құлық ерекшеліктерін анықтап, оны түзету мен алдын-алуға ұсыныстар беру;


Девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* - ауытқу) - жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.

- Кең мағынасында *девиантты мінез-құлық* кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбек-қорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.)
- ауытқушылықты білдіреді.

Девиантты іс-әрекеттің қалыпташу себептері:

1. Отбасында берекенің болмауы;
2. Түсінбеушіліктер мен ата-ана тарапынан қамқорлықтың жетіспеуі;
3. Тәрбие берудегі кемшіліктер;
4. Қоғамдық міндеттер мен күйзелістерді жеңе алмау;
5. Өмірлік дағдының болмауы, айналасындағы адамдармен, құрбы-құрдастарымен жиі тіл табыса алмауы;
6. Өз бетінше шешім қабылдай алмау;
7. Балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыра алмау проблемалары.

Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым:



Отбасында тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауынан балаға теріс әсер ететін жағдайлар

Бір отбасында бірнеше баланың әрқайсысына әр түрлі қарау

Ата-аналардың бала тәрбиесінен әр түрлі сесбептерге байланысты аулақтануы, жұмыс басты болуы немесе теріс үлгі көрсетіп, келеңсіз өмір сүретін ата-аналар

Ата-аналардың бала тәрбиесінде педагогикаға қарсы әдістерді қолдануы

Отбасында бала тәрбиесіне әкесі мен шешесінің әр түрлі әдіс қолдануы

Ата-аналардың бала мінезіндегі өзгерістерге назар аудармауы

Ата-аналардың жат-қылықтарды бала бойына дарытуы

Осы жоғарыда атап көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде бала бойында қалыптасатын жаман қасиеттер:

Бала ашуланшылық, ызақор, тұйық, сенімсіз, өзіне-өзі көңілі толмайтын, келеңсіз болып қалыптасады

Бала бойында әдептілікке жатпайтын жат қылықтар қалыптасады: темекі тарту, ішімдік іші, есірткі қабылдау;

Бала бойында өзімшілдік (эгоизм), дарашылдық (эгоцентризм), жеке басты ойлау, өзгелердің ойымен санаспау, екіжүздік сияқты қасиеттер пайда болады. Өз ісін алдау, арбау арқылы атқарады .

Девиатты іс-әректке ие балалар үлкен екі топқа бөлінеді:

Психикасы мен
мінез-құлқында ауытқуы
бар,
айқын және жасырын
психопатологияға
ұшыраған балалар

Әлеуметтік ортада
жағымсыз
іс-әректтер мен
теріс қылықтар
жасайтындар, қандай да
бір
әлеуметтік және мәдени
нормаларды, әсіресе
құқықтық
норманы бұзушылар.

Оқушылардың
психикасындағы өзгеріс
(ашуланшақтық,
ызақорлық, тұйықтық).

Агрессиялық
әрекет
(топтар ішіндегі
бәсекелестік,
зорлық-
зомбылық).

Есірткі қабылдау
және есірткіге
тәуелділік

Девиантты іс-
әрекеттің
нақты құбылыстарда
айқындалуы:

Жасөспірімдердің
өз-өзіне қол
салуы

Құқыққа қарсы әрекет
(құқық бұзушылық
және қылмыс жасау).

Спирттік ішімдікті
пайдалану
және әуестену.

Девиантты іс-әрекеттің пайда болуына себепші үш фактор:

Біріншіден	Екіншіден	Үшіншіден
отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы; тұрмыстаға ұрыс-талас, дау-жанжал; баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу; ата-анасының біреуі маскүнем болуы;	жұртшылықтың тәрбие процесіне толық көңіл аудармауы; оқушылардың өздері тұратын мөлтек аудандардағы әр түрлі үйірме жұмыстары мен спорттық секцияларға тиянақты тартылмауы, бос уақыттарын ұтымды ұйымдастырмауы;	оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер; жекеленген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу;



Девиантты іс-әрекеттің нақты құбылыстарда айқындалуы

Оқушылардың психикасындағы өзгеріс (бұзылыс) ашуланшақ, ызақор, тұйық

Құқыққа қарсы әрекет (құқық бұзушылық және қылмыс жасау)

Спирттік ішімдікті пайдалану және әуестену

Балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы

Есірткі қабылдау және есірткіге тәуелділік

Агрессиялық әрекет. (топтар ішіндегі бәсекелестік, билік үшін күрес, зорлық-зомбылық)

-Бір отбасында бірнеше баланың әрқайсысына әртүрлі қарау(Ата-ана қамқорлығы мен жүрек жылуы);

-Ата-аналардың бал тәрбиесінен әртүрлі себептерге байланыстыаулақтануы: жұмысбасты болуы немесе теріс үлгі көрсетіп,келеңсіз өмір сүретін ата-аналар;

-Ата-аналардың бала тәрбиесінде педагогикаға қарсы әдістерге қолдануы: өктемдік(авторитарлы), қаталдық(деспотизм), ымырашылдық(либералды).

-Отбасында бала тәрбиесіне әкесі мен шешесінің әр түрлі әдіс қолданылуы

-Ата-аналардың балалар мінезіндегі өзгерістерге назар аудармауы;

-Ата-аналардың жат қылықтарды бала бойына дарыту: дүниеқорлық, алдау, жалқаулық, өзімшілдік, т.б


Осы жоғарыда атап көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде бала бойында қалыптасатын жаман қасиеттер:

-Бала ашуланшақ ,ызакор,тұйық,сенімсіз,өзіне-өзі көңілі толмайтын,келеңсіз болып қалаптасады.

-Бала бойында әдептілікке жатпайтын жат қылықтар қалыптасады: темекі тарту, ішімдік ішу, есірткі қабылдау

-Бала бойында өзімшілдік (эгоизм), дарашылдық(эгоцентризм), жеке басты ойлау, өзгелердің ойымен санаспау, екіжүзділік сияқты қасиеттер пайда болады, Өз ісін алдау, арбау арқылы атқарады.

Девиантты іс-әрекетті балалар мәселесі



**Психиатр-
дәрігер**


**Ата-ана мен баланы
қорғау орталығы**

**Девиантты іс-
әрекетке ие
балаларға және
олардың
отбасыларына
көмек көрсететін
әлеуметтік орта**

**Аудандық ішкі
істер бөлімі**

**Облыстық
наркология
орталығы**

Мектеп



Оқушылардың девианттық іс-әрекетін Сауықтырудың негізгі бағыттары

Жалпы білім беретін оқу орындарында оқу-тәрбие процестерін жетілдіру

Тәртібі нашар, сабақтан қол үзген қиын балалар үшін жеке лей және жіктей отырып, білім беретін арнаулы метептер ашу.

Девианттық іс-әрекеттегі оқушылардың және тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік қорғау.

**1. Девиантты іс-әрекеттегі балалар мен тұрмысы төмен отбасыларды әлеуметтік жағынан қорғау мен қолдануға бағытталған кешенді бағдарламаларды жасау.
2. Ата-аналар мен балаларға психолог, психиатр, нарколог тегін консультациялар беретін әлеуметтік-психологиялық көмек орталығын құру.**

Құқық қорғау органдарында балалар мен жасөспірімдердің жұмысын жетілдіру

**1. Жасөспірімдер мен құқықтық тәртіпті шеңберінде жұмыс жүргізетін мамандардың, құқық қорғау органдарының статусын көтеру. Олардың жақсы жақтарын қолдап баспасөзде, теледидарда насихаттау .
2. Ішкі істер басқармасы мен бөлімдері әлеуметтік-құқықтық қызметті ұйымдастыру. Қараусыз қалған балаларды сауықтыруға бағытталған бағдарламаны жасау.**

Қорытынды: Әр баланың өзінің ерекшелігі бар, оны байқай білу де, оны орайына қарай дұрыс бағытқа сілтей білу де шеберлікті қажет етеді. Қандай қиын бала болса да оның әр-ожданына тимей, жеке ерекшелігін ескеріп, икемі бар жаққа қарай баули білу, қоғамдық таныту, оның алдында айқын мақсат қойдыра білу және оған жетуге көмектесу сияқты сан-саналы, тынымсыз тәрбие жұмысы арқылы ғана мақсатқа жетуге болады.

«Баланы бастан» демекші, әуелі бастан-ақ балаға дұрыс ықпал, түзу бағдар беру, тәрбие жұмысын бір минут та ұмыт қалдырмау баршамыздың борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қ.Р.Ата заңы .Алматы,1995.Толық тарауларымен 21.05.2007 ж.
2. Қ.Р. Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Қазақстан халқына жолдауы ;
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030.Алматы.Білім.1998ж.
4. Қ.Р Білім беру заңы 7.06.1999 ж.
5. Қ.Р Білім туралы заңы (толықтыру,өзгерту енгізілген) 15.08.2007 ж.
6. Личко А.Е. Психопатии и акцентуация характера у подростков .М.,1982
7. Иванова Л.Ю. Агрессивность,жестокость и отношения старшеклассников к их проявлениям. Сб: Проблемы личности ,профилактика отклонений в ее развитии,1993.
8. Степанова В.Г Психология трудного школьника .М.,1998.
9. Учителям и родителям о психологии подростка. / Под.ред Г.Г Аракелова . М.,1991
10. Мир детства.Подросток . / Под.ред. А.Г Хриповой.М., 1989.